АТЫРАУ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСІ

22 желтоқсан 2023 жыл №11 Атырау қаласы

**Атырау облысы Құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының 2022 - 2023 жылдардағы атқарған жұмыстары туралы**

Қазақстан Республикасының «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңына сәйкес, Атырау облысының Қоғамдық кеңесі отырысында «**Құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының 2022 - 2023 жылдардағы атқарған жұмыстары туралы**» облыстық **Құрылыс, сәулет және қала құрылысы** басқармасының басшысы Н.Құсайыновтың баяндамасын тыңдап, талқылап облыстық қоғамдық кеңесі отырысы **ҚАРАР ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Облыстық Құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының басшысы Н.Құсайыновтың баяндамасы қаперге алынсын.

2. Құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасына:

1) Құрылыс, сәулет және қала құрылысы қызметі саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру;

2) Құрылыс қызметі саласындағы мемлекеттік, қоғамдық мүдделерді қорғау;

3) Жайлы және қауіпсіз әлеуметтік нысандар мен инфрақұрылымдарды салу және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

4) Жобалау және отандық құрылыс өнімдерінің сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруды ынталандыратын жағдайларды қалыптастыру;

5) Құрылыс жұмыстарында сапа мен жайлылықты қамтамасыз ету;

6) Қиғаш, Жайық өзендерінің түп тереңдету жұмыстарымен тұрақты айналысатын арнайы мекеме құруды қарастыру ұсынылсын.

3. Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасына:

7) Салынып жатқан және құрылысы аяқталған нысандардың сапасына бақылауды күшейту және қадағалауды жүзеге асыру ұсынылсын.

8) Атырау қаласының әкіміне:

1) Салынатын тұрғын үйлерге бірінші кезекте инженерлік инфрақұрылымды тарту және санитарлық нормалардың сақталуын қамтамасыз ету ұсынылсын.

4. Осы қарарда берілген ұсынымдардың орындалуы туралы ақпаратты 2024 жылдың 25 желтоқсанына дейін кеңес хатшылығына ұсынуды және атқарылған жұмыстар бойынша кеңес отырысында баяндау ұсынылсын.

**Кеңес төрағасы** **М.Ізбасов**

АТЫРАУ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС
КЕҢЕС